



Жақсыбай Самрат

Өмірбаян

Жақсыбай Самрат 1960 жылы 20 қазанда Есіл ауданы, Тауағаш ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби және Е.Букетов университеттерін экономист және филолог мамандықтары бойынша тәмәмдаған. 1993 жылдан журналистикаға толық бет бұрып, Петропавлда облыстық телеарнада редактор қызметін атқарады. Кейін Республикалық «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттеріне экономикалық саяси маңызды мәселелерді көтеретін мақалалар жариялап тұрған. Сонымен қатар Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде саяси шолушы болып Тұңғыш Президенттің барлық сапарларындағы маңызды келісімдерді баспасөз беттерінде жариялайды.

Жазушының «Бітеу жара», «Бұралаң заман», «Абылайдың ақ үйі», «Өзгеленді бұл ғалам», «Тауағаш деген ел едік» атты кітаптары бүгінде оқырманның сүйіп оқитын туындыларына айналған.

Өмірінің қырық жылын шығармашылыққа арнап, 12 кітап жазған жазушы-журналистің драма жанрында да сүбелі туындылары жарыққа шыға бастаған.

Ғұмырының біраз жылын шығармашылыққа арнаған Жақсыбай Самраттың марапат қоржынында Президент грантының иегері, Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Жазушылар Одағының мүшесі, Есіл ауданының Құрметті азаматы атақтары бар.